



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университетінің
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
Кызылординского университета
имени Коркыт Ата

№4(63) 2022



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университетінің
ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК
Кызылординского
университета имени Коркыт Ата**

**BULLETIN
of the Korkyt Ata Kyzylorda University**

№4 (63) 2022

1-БӨЛІМ

ISSN 1607-2782

Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал
Республиканский научно-методический журнал
Republican Scientific and Methodical Journal

1999 жылғы наурыздан бастап шығады
Выходит с марта 1999 года
Published since March 1999

№4 (63) 2022

Жылына төрт рет шығады
Выходит четыре раза в год
Published four a year

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің
ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК
Кызылординского университета имени Коркыт Ата**

**BULLETIN
of the Korkyt Ata Kyzylorda University**

Бас редактор	КӘРІМОВА Б.С., филология ғылымдарының кандидаты.
Жауапты хатшы	АБУОВА Н.А., педагогика ғылымдарының кандидаты.
Главный редактор	КАРИМОВА Б.С., кандидат филологических наук.
Ответственный секретарь	АБУОВА Н.А., кандидат педагогических наук.
Editor-in-chief	KARIMOVAB.S., Candidate of philological sciences.
Executive Secretary	ABUOVA N.A., candidate of pedagogical sciences

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМДАРЫ

«Ауыл шаруашылығы ғылымдары» ғылыми бағыты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне енген (21.02.2022 ж. № 63 бұйрық).

Л.А.Тохетова - жауапты редактор, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, доцент

Редакция алқасы

К.Н.Тодерич	PhD, Тоттори Университеті, Жапония;
Ш.С.Рсалиев	биология ғылымдарының докторы, доцент, «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» РМК, Қазақстан Республикасы;
Б.А.Дүйсембеков	биология ғылымдарының кандидаты, доцент, «Агропарк Оңтүстік» ЖШС, Қазақстан Республикасы;
А.С.Рсалиев	ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, «Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, Қазақстан Республикасы.

СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕ НАУКИ

Научное направление "Сельскохозяйственные науки" включена в перечень научных изданий, рекомендуемых комитетом по обеспечению качества в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан для публикации основных результатов научного труда (приказ № 63 от 21.02.2022 г.).

Л.А.Тохетова – ответственный редактор, доктор сельскохозяйственных наук, доцент

Редакционная коллегия

К.Н.Тодерич	PhD, Университет Тоттори, Япония;
Ш.С.Рсалиев	доктор биологических наук, доцент, РГП «Казахский научно-исследовательский институт земледелия и растениеводства», Республика Казахстан;
Б.А.Дүйсембеков	кандидат биологических наук, доцент, ТОО «Агропарк Оңтүстік», Республика Казахстан;
А.С.Рсалиев	кандидат сельскохозяйственных наук, ТОО «Научно-исследовательский институт проблем биологической безопасности», Республика Казахстан.

AGRICULTURAL SCIENCES

The scientific direction "Agricultural Sciences" is included in the list of scientific publications recommended by the Committee for Quality Assurance in the field of education and Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for the publication of the main results of scientific work (Order No. 63 dated February 21, 2022).

L.A. Tokhetova – Executive Editor, Doctor of Agricultural Sciences, Associate Professor

Editorial Board

K.N. Toderich	PhD, Tottori University, Japan;
Sh.S. Rsaliyev	Doctor of Biological Sciences, Associate Professor, «Kazakh Research Institute of Agriculture and Crop Production» RSE, Republic of Kazakhstan;
B.A. Duisembekov	Candidate of Biological Sciences, Associate Professor, "Agropark Ontustik" LLP, Republic of Kazakhstan;
A.S. Rsaliyev	Candidate of Agricultural Sciences, «Research Institute of Biological Safety Problems» LPP, Republic of Kazakhstan.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЯҢ ЖҮНДІ ҚҰЙРЫҚТЫ ҚОЙ ТҰҚЫМЫ САУЛЫҚТАРЫНЫҢ СҮТТІЛІГІ МЕН СҮТ ҚҰРАМЫНА ҚОСЫМША АЗЫҚТАНДЫРУДЫҢ ӘСЕРІ

Ибраев Д.К., PhD

ibrayev-dulat@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7316-8478>

Шауенов С.К., ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор

shauenovs@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2259-7111>

Долдашева Г.К., докторант

gdoldasheva@bk.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6665-1242>

Мулдашева А.Х., докторант

aknurmoldasheva@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-0116-0260>

Мухаметжарова И.Е., докторант

Ilmira_pvl@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-3187-7262>

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.,
Қазақстан Республикасы*

Андатпа. Мақалада қазақтың ұяң жүнді құйрықты қойларының сүттілігі мен сүт құрамына қосымша азықтандырудың әсеріне арналған зерттеу нәтижелері келтірілген. Зерттеу нысаны ретінде Қарағанды облысы жағдайында өсірілетін қазақтың ұяң жүнді құйрықты қой тұқымының төрт жастағы саулықтары болды. Жалпы тәжірибеге 30 бас саулық, оның ішінде тәжірибелік топта 15 бас және бақылау тобына 15 бас аналог әдісімен алынған. Тәжірибедегі барлық саулықтар бір жағдайда жайылымда күтіп бағылған. Тәжірибелік топтағы саулықтарға қосымша азық ретінде экструдталған құрамажем тәулігіне бір басқа 300 г беріліп, ал бақылау тобына қосымша азықтар берілмеген. Зерттеу барысында тәжірибеге алынған саулықтар желіндерінің морфологиялық көрсеткіштері тәжірибенің басы мен соңында анықталып, лактацияның 105 күнінен бастап желін өлшемдерінің өзгерістері байқалған. Сауылған сүт мөлшері бойынша лактация басында саулықтардың орташа тәуліктік сауымы бақылау және тәжірибелік топтарына сәйкесінше 1380 және 1400 г құраса, ал тәжірибе соңында сәйкесінше 230 және 260 г болған, яғни зерттеуге алынған топтар бойынша тәжірибе тобының сүттілік көрсеткіші басым болғаны анықталған ($P < 0,05$). Тәжірибедегі саулықтар сүтінің физика-химиялық құрамы бойынша қалыпты норма шегінде болды. Қосымша азықтандырылған саулықтардың сүтіндегі май мөлшері лактация соңына дейін тұрақты болатыны анықталды.

Кілт сөздер: саулықтар, қой сүті, құрамажем, орташа тәуліктік сүт сауымы, май мөлшері, ақуыз мөлшері, лактоза

Кіріспе. Қазақстан мал шаруашылығы салаларының ішінде қой шаруашылығының маңызы зор. Қойдан ет, жүн, тері, елтірі және сүт сияқты әртүрлі өнімдер алынады [1]. Қазақстан қой шаруашылығында етті-майлы құйрықты қойларды өсіру басым бағыт болып табылады. Қазіргі уақытта еліміздегі қой шаруашылығынан алынатын өнімнің 90% астам үлесін қой еті құрайды. Осыған орай қой шаруашылығында жүргізілетін барлық ғылыми зерттеу жұмыстары қой етін жоғарлатуға арналған. Дегенмен қой өсірушілер үшін қой еті мен жүнінен бөлек қой сүті саланың өнім өндірудегі қосымша табыс көзі бола алады.

Қой сүті тағамдық құндылығы өте жоғары өнім. Басқа мал түрлерінің сүтімен салыстырғанда қой сүтінен таңдаулы ірімшік түрлері, оның ішінде жұмсақ ірімшіктер, йогурт және құрт сияқты сүт өнімдері пайдалы әрі тиімдірек жасалады [2-3]. Қой сүтінің мұндай бірегей қасиеті құрамы жағынан, яғни ақуыз, май, дәрумендер мен кальцийдің жоғары болуына байланысты ерекшеленеді [4]. FAO деректері бойынша соңғы онжылдықта әлем бойынша қой сүтін өндіру көлемі жылдан-жылға арту үстінде және 2020 жылдың мәліметтері бойынша 10,56 млн. тоннаны құраған [5].

Қой сүттілігі мен қой сүтінің және одан жасалатын сүт өнімдерінің сапасы қойды азықтандыру, күтіп-бағу және өнім өндіру технологиясына, оның ішінде сауу технологиясына байланысты болады [6]. Қойларды азықтандыру қой сүттілігі мен сүт құрамына тікелей әсер етеді [7]. Ғалымдардың зерттеулері бойынша қорада пішен, сүрлем және құнарлы азықпен күтіп бағылатын қой сүтіндегі майдың құрамы (7,24%) ашық жайылымда бағылатын саулықтардың сүтіне (6,98%) қарағанда жоғары болған [8]. Қой сүтінің құрамындағы ақуыз мөлшері бойынша да азықтандыру зерттеулері жүргізілген [9]. Алайда қой сүтіндегі май құрамына қарағанда ақуыздың мөлшері азықтандырудың әсерінен өзгере қоймайды, бұл тұрақтылық лактоза мөлшеріне де тән. Қой сүті мен қой сүтінен жасалған ірімшіктегі ретинол мен α -токоферол дәрумендерінің мөлшері қосымша азықтандыру арқылы жоғарлайтыны анықталған [10]. Жалпы айтқанда қой сүті мен қой сүтінен жасалған сүт өнімдерінің құрамына азықтандырудың әсерін зерттеу өзекті болып табылады.

Ғылыми жұмыстың мақсаты Қарағанды облысы «Отқанжар» шаруашылығында өсірілетін қазақтың құйрықты ұяң жүнді саулықтарының сүттілігі мен қой сүтінің құрамына қосымша азықтандырудың әсерін зерттеу болды. Ғылыми-ізденіс жұмыс ҚР БҒМ 217 «Ғылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасының қаржылық қолдауымен AR08052570 «Қой сүтін өндіру және өңдеу технологияларын жасау» жоба тақырыбы аясында орындалды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Қойларды қосымша азықтандыру арқылы саулықтардың сүттілігі, олардың сүті құрамына әсерін анықтау бойынша ғылыми-тәжірибелік жұмыс Қарағанды облысының «Отқанжар» шаруашылығында жүргізілді. Зерттеу нысаны ретінде аталған шаруашылықта өсірілетін қазақтың құйрықты ұяң жүнді төрт жасар 3 қоздаған саулықтары алынды.

Саулықтардың сүт өнімділігі мен қой сүтінің құрамын анықтау мақсатында бір отарда бағылатын қойлардың ішінен 15 бастан аналог әдісімен 2 тәжірибелік топ құрылды. Тәжірибелік топтың саулықтарына қосымша азық ретінде құрамында арпа, бидай және сұлының экструдалған қоспасынан жасалған құрамажем 300 граммнан берілді, ал бақылау тобындағы қойларға қосымша азықтар берілген жоқ. Экструдалған құрамажем ресурсүнемдеуші азықтар мен азық қоспаларын өндіруші «NFT-KATU» ЖШС кәсіпорынан алынды. Құрамажемнің құрамында 250-ден астам биологиялық белсенді компоненттер кіретін «BioFeed-P» азық қоспасы бар [11] (1-кесте).

1-кесте – Экструдалған құрама жемнің химиялық құрамы

Көрсеткіштер	%
Су	8,3
Құрғақ заты, оның ішінде:	91,7
«шикі» протеин	11,7
«шикі» май	3,6
«шикі» жасұнық	5,02
азотсыз экстрактивті заттар	67,47
«шикі» күл	3,91

Султанаева Л.З. және Балджи Ю.А. деректері негізінде [12] тәжірибедегі саулықтарға берілетін экструдалған құрамажемнің құнарлығы келесідей: қорытылатын протеин 23,02 г, қорытылатын жасұнық 5,77 г, ұсақ қара малдың алмасу энергиясы 3,36 МДж, лактацияның таза энергиясы 2,46 МДж құрады.

Тәжірибеге алынған барлық қойлар бір жағдайда жайылымда, таңғы сағат 6-00-ден кешкі 20-00-ге күтіп бағылды. Тәжірибе кезеңі қойлардың көктемгі және жазғы жайылымдарда бағылатын уақытта, яғни 2022 жылдың мамырынан басталып 10 тамызда аяқталды.

Тәжірибеге алынған саулықтардың сүт бездерінің морфологиялық ерекшеліктерін анықтау үшін олардың желіндерінің өлшемдері (орамы, ұзындығы, биіктігі, ені) алынды. Саулықтарға бақылау сауым әр он күн сайын қоздағаннан кейін лактацияның жиырмамыншы күні басталды. Сауылатын тауарлық сүттің мөлшерін таңертеңгі сауымда анықтау үшін қозыларды енесінен 12 сағат бұрын, кешкі уақытта бөлінді. Бұдан соң қозылар енесімен 24 сағат бірге ұстап, кешкі сауымды анықтау үшін 12 сағатқа, таңертеңгі уақытта қозыларды енесінен бөлінді. Саулықтарды сауу үшін арнайы қой сауатын АИД-2-02 (Ресей) және Melasty (Түркия) аппараттарынмен жүргізілді. Сүт үлгілері әр қойдан 50 мл көлемінде алынды. Қой сүтінің үлгілері мен қой сүтінен жасалған өнімді С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің «Азық және сүт сапасын зоотехникалық талдау» және «НУТРИТЕСТ» ЖШС (Алматы) зертханаларында зерттелді. «Азық және сүт сапасын зоттехникалық талдау» зертханасында сүттің физика-химиялық құрамын анықтау үшін ЕКОМІLK-Bond (Болгария) ультрадыбыстық талдағышы қолданылды.

Зерттеуге алынған тәжірибелік топтар арасындағы қой сүті мен сүт өнімдерінің құрамы бойынша айырмашылығын нақтылау статистикалық талдау жұмысы Microsoft Excel бағдарламасы көмегімен жүргізілді.

Нәтижелер. Етті-майлы бағыттағы қазақтың ұяң жүнді құйрықты қойлары саулықтарының желіндерінің морфологиялық ерекшеліктерінің сүттілігімен байланысын зерттеу қызығушылық тудырады. Осыған орай тәжірибедегі саулықтар желіндерінің морфологиялық ерекшеліктері тәжірибе басында (мамыр) және тәжірибе соңында (тамыз) анықталды. Тәжірибеге алынған саулықтардың желін пішіндері тостаған тәрізді, үрпектері үлкен емес, тік және жанында орналасқан болды (1-сурет).



a



b

1-сурет – Қазақтың ұяң жүнді құйрықты саулықтарының желін өлшемдерін алу:
a – желін биіктігі, b – желін орамы


Тәжірибедегі саулықтардың сүт бездерінің морфологиялық көрсеткіштері 2-кестеде берілген.

2-кесте – Тәжірибедегі саулықтар желіндерінің морфологиялық ерекшеліктері, см

Көрсеткіштер	Тәжірибелік топ, n = 15 бас		Бақылау тобы, n = 15 бас	
	мамыр	тамыз	мамыр	тамыз
Желін орамы	43,87±1,39	40,64±1,12	43,08±1,50	39,55±2,06
Желін ені	11,08±0,43	10,22±0,48	10,96±0,35	9,88±0,61
Желін биіктігі	11,44±0,36	10,56±0,53	11,17±0,24	9,64±0,30
Желін ұзындығы	9,68±0,28	9,02±0,34	9,55±0,26	8,79±0,36
Үрпек ұзындығы	2,42±0,13	2,26±0,15	2,39±0,16	2,11±0,14
Үрпек ені	1,55±0,08	1,43±0,05	1,48±0,10	1,22±0,08

2-кестеде көрсетілгендей саулықтардың желін орамы бақылау және тәжірибелік топтарда сәйкесінше тәжірибе басында, яғни мамыр айында 43,08 және 43,87 см, желін ені 10,96 және 11,08 см, желін биіктігі 11,17 және 11,44 см, желін ұзындығы 9,55 және 9,68 см, үрпек ұзындығы 2,39 және 2,42 см және үрпек ені 1,48 және 1,55 см құраса тәжірибе соңында, яғни тамыз айында желін орамы 39,55 және 40,64 см, желін ені 9,88 және 10,22 см, желін биіктігі 9,64 және 10,56 см, желін ұзындығы 8,79 және 9,02 см, үрпек ұзындығы 2,11 және 2,26 см және үрпек ені 1,22 және 1,43 см құрады.

Тәжірибедегі саулықтардың сүттілігін анықтау үшін әр 10 күн сайын бақылау сауым жүргізіліп отырды. Қозылар тәжірибе жүргізу барысында енелерімен бірге болды, тек бақылау сауым кезінде 12 сағат бұрын бөлініп отырды. Лактацияның бірінші айында тәжірибедегі қазақтың ұяң жүнді құйрықты саулықтарының сүт мөлшері бақылау және тәжірибелік топтарына сәйкес 20,8 және 21,0 кг құрады, ал орташа тәуліктік сауымы 1380 және 1400 г құрады (2-сурет). Яғни, тәжірибедегі саулықтардың жалпы және тәуліктік сүт мөлшері сәйкесінше 0,2 кг немесе 0,96% және 20 г немесе 1,44% жоғары болды. Алайда аталған көрсеткіштердің басымдылығы нақты айқындалмайды ($P>0,05$).



2-сурет – Саулықтардың тәуліктік сүт мөлшері

Тәжірибе ортасында саулықтардан сауылатын сүт мөлшері тәжірибелік және бақылау топтарында сәйкесінше 13,5 және 11,5 кг дейін құрады және саулықтардың орташа тәуліктік сүт сауымдары 900 және 760 г болды. Демек тәжірибе тобындағы саулықтардың жалпы және тәуліктік сүт мөлшері сәйкесінше 2,0 кг немесе 17,3% және 140 г немесе 18,4% жоғары болғаны анықталды. Яғни, тәжірибе ортасында немесе лактацияның үшінші

айында тәжірибелік топтағы саулықтардың сүт мөлшерінің басымдылығы нақты болды ($P < 0,05$). Лактация соңында саулықтардан сауылған сүт мөлшері тәжірибелік топта 4,0 кг, ал бақылау тобында 3,5 кг құрады. тәжірибелік және бақылау тобындағы саулықтардың орташа тәуліктік сауымы сәйкесінше 260 г және 230 г құрады. Лактация соңындағы тәжірибелік топтағы саулықтардың сүт мөлшері және орташа тәуліктік сүт сауымы 14,2 және 13,0% жоғары болды, яғни басымдылығы нақты болатыны анықталды ($P < 0,05$). Жалпы, саулықтарды қосымша азықтандырудың оң әсері өндірілетін сүт мөлшеріне байланысты лактацияның үшінші айында байқала бастады.

Тәжірибеге алынған қазақтың ұяң жүнді құйрықты қойларынан сауылатын тауарлық сүтпен қатар қосымша азықтандыру арқылы сүт құрамына әсері тәжірибе басында (мамыр), ортасында (шілде) және соңында (тамыз) зерттелді (3-сурет).



3-сурет - EKOMILK-Bond талдағышында сүттің физика-химиялық құрамын зерттеу

Қой сүтінің физика-химиялық құрамы тәжірибе топтарында белгіленген әр 15 саулықтан жеке сүт үлгілері бақылау сауым жүргізілген күндері алынды. Зерттеу тәжірибесінің басында, ортасында және соңында алынған қой сүтінің физика-химиялық құрамының көрсеткіштері 3-кестеде берілді.

Зерттеу жүргізудің басында тәжірибелік және бақылау тобындағы саулықтар сүтіндегі майдың пайыздық мөлшері сәйкесінше 6,58 және 6,76%; ақуыз 4,82 және 5,02%; лактоза 4,36 және 4,58% құрады. Тәжірибе басында бақылау тобындағы саулықтардан алынған жалпы және тәуліктік сүт мөлшері тәжірибелік топтан 0,96 және 1,44% төмен алынғанымен, сүт құрамы бойынша көрсеткіштерінің жоғары болғаны байқалады, алайда аталған көрсеткіштердің айырмашылығы нақты дәрежеде айқындалмады ($P > 0,05$). Демек, тәжірибе басында екі зерттеу тобындағы саулықтардың сүт мөлшері мен сүт құрамы бір-бірінен басым деңгейде болмаған. Осыған ұқсас Carpioli G. және басқа ғалымдардың [10] зерттеулерінде тәжірибе басындағы зерттеу топтары бойынша қой сүтінің мөлшері мен физика-химиялық құрамы көрсеткіштерінің арасында нақты айырмашылық болмайтынын анықтаған.

3-кесте – Тәжірибедегі саулықтар сүтінің физика-химиялық құрамы

Көрсеткіштер	Лактация кезеңі					
	Мамыр		Шілде		Тамыз	
	Тәжірибелік	Бақылау	Тәжірибелік	Бақылау	Тәжірибелік	Бақылау
	n = 15	n = 15	n = 15	n = 15	n = 15	n = 15
Май, %	6,58±0,24	6,76±0,22	6,42±0,19	5,92±0,20	6,12±0,27	4,64±0,30
Ақуыз, %	4,82±0,10	5,02±0,14	4,63±0,11	4,52±0,17	4,52±0,18	4,31±0,34
Лактоза, %	4,36±0,18	4,58±0,17	4,42±0,13	4,60±0,16	4,89±0,16	4,64±0,23
ҚМСҚ*, %	11,6±0,19	11,2±0,15	11,6±0,13	11,2±0,11	11,8±0,10	11,3±0,16
Қышқылдығы, °Т	23,1±0,19	22,6±0,16	23,2±0,17	22,4±0,15	23,4±0,14	22,8±0,17
pH	6,56±0,13	6,72±0,11	6,52±0,09	6,55±0,13	6,42±0,16	6,56±0,17

*- құрғақ майсыздандырылған сүт қалдығы

Тәжірибе ортасында тәжірибелік және бақылау топтары саулықтарының сүтіндегі май мөлшерінің үлесі сәйкесінше 6,42 және 5,92%; ақуыз 4,63 және 4,52%; лактоза 4,42 және 4,60% құрады. Бақылау тобындағы саулықтардың сүтінің құрамы бойынша май мөлшерінің деңгейі 0,5% төмендегені байқалады ($P < 0,05$). Ал ақуыз мөлшерінің үлесі екі зерттеу тобында да қалыпты деңгейде сақталады. Min B.R. және басқаларының [12] зерттеулерінде май мөлшеріне қарағанда ақуыз мөлшерінің деңгейі тұрақты болатынын анықтаған. Демек, қой сүтінің құрамына қосымша азықтандыру арқылы май мөлшерінің деңгейін қалыпты сақталуына оң әсері ететіндігі анықталды. Лактация басынан беріле бастаған қосымша экструдалған құрамажемнің әсерінен тәжірибе соңында, яғни лактацияның 4 айында саулықтардың сүтіндегі май мөлшері тәжірибелік және бақылау топтарына сәйкесінше 6,12% және 4,64% құрады, яғни қосымша құрамажеммен азықтандырылған саулықтардың сүтіндегі май мөлшері 1,48% артық болғаны ($P < 0,001$) анықталды. Сүт құрамының басқа физика-химиялық көрсеткіштері бойынша нақты айырмашылық байқалмады. Тәжірибелік және бақылау тобындағы саулықтардың сүтіндегі ақуыз мөлшері сәйкесінше 4,52 және 4,31%, лактоза 4,86 және 4,64%, құрғақ майсыздандырылған сүт қалдығы 11,8 және 11,3%, қышқылдығы 23,4 және 22,8°Т және pH мөлшері 6,42 және 6,56 құрады.

Талқылаулар. Қазақтың құйрықты ұяң жүнді саулықтарының лактация кезінде желіндерінің морфологиялық көрсеткіштерінің өзгерістері анықталды. Бұл әсіресе лактацияның соңғы 105 күнінен бастап байқалды. Тәжірибеге алынған саулықтардың зерттеу топтары арасында желін өлшемдері бойынша лактацияның басы және соңғы кезеңдерінде де айтарлықтай айырмашылық анықталмады ($P > 0,05$). Сонымен қатар желін және үрпек өлшемдерінің белгілері саулықтардың сүт мөлшері мен тәуліктік сауым мөлшеріне айтарлықтай әсер анықталмады. Мұндай ұқсас зерттеулер Fernandez G. [13] және т.б. және Martinez M.E. және т.б. [14] ғылыми жұмыстарында келтірілген.

Саулықтардың орташа тәуліктік сүт мөлшері лактация басында, бақылау және тәжірибелік топтарында, сәйкесінше 1380 және 1400 г құрады. Лактация басындағы сүт мөлшері бойынша тәжірибедегі саулықтардан алынған тәуліктік сүт мөлшері 20 г артық болғанымен, бақылау тобының сүтіндегі май және ақуыз мөлшерінің деңгейі бойынша басымдылығы байқалады. Лактация басында беріле бастаған қосымша экструдалған құрамажемнің әсерінен тәжірибе соңында тәжірибелік саулықтардың сүтіндегі май мөлшері 6,12% құрап, яғни қосымша құрамажеммен азықтандырылған саулықтардың сүтіндегі май мөлшерінің деңгейі қалыпты сақталған. Бұл тауарлық қой сүтінің ірімшік дайындаудағы технологиялық қасиетіне оң әсер еткені анықталды. Сонымен қатар тәжірибе соңында саулықтардың орташа тәуліктік сүт мөлшері бақылау және

тәжірибелік топтарына сәйкесінше 230 және 260 г құрады. Яғни зерттеуге алынған топтар бойынша тәжірибе тобының сүттілік көрсеткіші басымдылығы нақты болды ($P < 0,05$). Қой сүтінің физика-химиялық құрамы бойынша қосымша азықтандырылған тәжірибе топтарының сүтінде майлылығы қалыпты болатыны және бақылау тобының сүтімен салыстырғанда тәжірибе соңында айқын басымдылығы болатыны анықталды. Жалпы, құнарлы азықпен қосымша азықтандыру арқылы қой сүтінің майлылығына әсерін зерттеу бойынша ұқсас нәтижелер Mogand-Fehr P. және басқа ғалымдардың ғылыми жұмыстарында келтірілген [15]. Ғалымдардың пікірінше қой сүтіндегі май мөлшері шаруашылықты жүргізу жүйесіне емес, тікелей жайылымда күтіп-бағылатын саулықтардың рационына қосымша құнарлы азықтарды беруіне байланысты екені дәлелденеді.

Қорытынды. Қарағанды облысының құрғақ далалы жайлымыдарында өсірілетін қазақтың ұяң жүнді құйрықты қойларының сүттілігіне және сүт құрамына қосымша құрамажеммен азықтандырудың әсері анықталды. Зерттеуге алынған саулықтардың желіндерінің морфологиялық көрсеткіштері лактацияның 105 күнінен бастап өзгерісі байқалды. Тәжірибелік және бақылау топтарына алынған саулықтардың сүт құрамы қалыпты нормалар шегінде болды. Қосымша азықтандырылған саулықтардың сүтіндегі майлылық мөлшері 6,12% болатыны анықталды. Жалпы, жайылымыда күтіп-бағылатын қойлардың сүттілігі мен сүт құрамының сапасын жоғарлату мақсатында қосымша азықтандыру толығымен негізделді, яғни саулық лактациясының бірінші айынан бастап орташа тәуліктік сауымы мен сүттегі физика-химиялық көрсеткіштері лактация соңына дейін қалыпты болуына оң әсер етті.

Бұл ғылыми-ізденіс жұмыс ҚР БҒМ 217 «Ғылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасының қаржылық қолдауымен AR08052570 «Қой сүтін өндіру және өңдеу технологияларын жасау» жоба тақырыбы аясында орындалды.

Әдебиеттер:

[1] **Сәбденов, Қ.С.,** Бексейітов Т.К., Абдуллаев М., Е.И. Исламов, Б.Т.Құлатаев. Қой шаруашылығы: Оқулық / Алматы: ЖШСРПБК «Дәуір», 2011. – 472 б.

[2] **Ибраев, Д.К.,** Жакупова Г.Н., Мулдашева А.Х., Акишева Э.К. Технология производства сыров на основе овечьего молока // Механика и технологии, 2021. – № 1(71). – 41-47 с.

[3] **Миллз, О.** Молочное овцеводство / Пер. с англ. М.Н. Барабанщикова, Е.Н. Комаровой [Текст]: монография / О. Миллз. – М.: Агропромиздат, 1985. - 244 с.

[4] **Park Y.,** Juarez M., Ramos M., Haenlein G.J. Physico-chemical characteristics of goat and sheep milk // Small Ruminant Research, – 2007. – V.68(1-2). – P.88-113.

[5] Global Production of Sheep Milk / Sheep Milk. – (<https://www.tridge.com/intelligences/sheep-milk/production>).

[6] **Wendorff W.,** Haenlein G.F. Sheep milk - composition and nutrition. In: Park YW, Haenlein GFW, Wendorff WL, editors. Handbook of milk of non-bovine mammals. 2nd ed. Hoboken, NJ: Wiley Blackwell, – 2017. – 210–221 p.

[7] **Milani F.X.,** Wendorff W.L. Goat and sheep milk products in the United States (USA) // Small Ruminant Research, – 2011. – V.101(1–3). – P.134-139.

[8] **Pirisi A.,** Piredda G., Scintu M.F., Fois N. Effect of feeding diets on quality characteristics of milk and cheese produced from Sarda dairy ewes // – Options Mediterr. 46: – 2001. – P.115–119.

[9] **Never A.** Effects of nutrition on yield and milk composition in sheep and goats // Scientific Journal of Animal Science, – 2015. – V.4(1). – P. 1-10.

[10] **Caprioli G.,** Nzekoue F.K., Fiorini D., Scocco P., Trabalza-Marinucci M., Acuti G., Tardella F.M., Sagratini G., Catorci A. The effects of feeding supplementation on the nutritional quality of milk and cheese from sheep grazing on dry pasture // International Journal of Food Sciences and Nutrition. – 2019. <https://doi.org/10.1080/09637486.2019.1613347>

[11] **Балджи Ю.А.**, Исмагулова Г.Т., Короткий В.П., Мустафина Р.Х., Абдрахманов К.А., Рыжов В.А., Поляков В.В. Способ применения комплексной кормовой биодобавки / Патент РК на изобретение №35223 по заявке №2020/0361.1 от 30.05.2020. – Бюлл. №31 от 06.08.2021.

[12] **Султанаева Л.З.**, Балджи Ю.А. Эффективность использования фитобиотических добавок в рационе крупного и мелкого рогатого скота (обзор) // – Животноводство и кормопроизводство, – 2021.Т. 104, №2. ISSN 2658-3135. – Оренбург, 2021. С. 96-110. DOI: 10.33284/2658-3135-104-2-96.

[13] **Min B.R.**, Hart S.P., Sahlу T., Satter L.D. The effect of diets on milk production and composition, and on lactation curves in pastured dairy goats // J Dairy Sci. – 2005. – V. 88(7): – P. 2604–2615.

[14] **Fernandez G.**, Alvarez P., San Primitivo F., L.F. de la Fuente. Factors affecting variation of udder traits of dairy ewes // – Journal of Dairy Science., – 1995. – V.78. – P. 842-849.

[15] **Martinez M.E.**, Calderon C., Barra R., Fernando de la Fuente L., Gonzalo C. Udder Morphological Traits And Milk Yield Of Chilota And Suffolk Down Sheep Breeds // Chilean Journal Of Agricultural Research, – 2011., – V.71(1). – P.90-95.

[16] **Morand-Fehr P.**, Fedele V., Decandia M., Le Frileux Y. Influence of farming and feeding systems on composition and quality of goat and sheep milk // – Small Rumin Res. – 2007. – V.68(1–2). – P.20–34.

References:

[1] **Sabdenov, K.S.**, Beksejotov T.K., Abdullaev M., E.I. Islamov, B.T.Құлатаев. Қој шаруашылығы:Оқулық /Almaty: ZHSHSRPBK «Daur», 2011. – 472 b.

[2] **Ibraev, D.K.**, Zhakupova G.N., Muldasheva A.H., Akisheva E.K. Tekhnologiya proizvodstva syrov na osnove ovech'ego moloka // Mekhanika i tekhnologii, 2021. – № 1(71). – 41-47 s.

[3] **Millz, O.** Molochnoe ovcevodstvo/ Per. s angl. M.N. Barabanshchikova, E.N. Komarovoj [Tekst]: monografiya / O. Millz. – M.: Agropromizdat, 1985. - 244 s.

[4] **Park Y.**, Juarez M., Ramos M., Haenlein G.J. Physico-chemical characteristics of goat and sheep milk // Small Ruminant Research, – 2007. – V.68(1-2). – P.88-113.

[5] Global Production of Sheep Milk / Sheep Milk. – (<https://www.tridge.com/intelligences/sheep-milk/production>).

[6] **Wendorff W.**, Haenlein G.F. Sheep milk - composition and nutrition. In: Park YW, Haenlein GFW, Wendorff WL, editors. Handbook of milk of non-bovine mammals. 2nd ed. Hoboken, NJ: Wiley Blackwell, – 2017. – 210–221 p.

[7] **Milani F.X.**, Wendorff W.L. Goat and sheep milk products in the United States (USA) // Small Ruminant Research, – 2011. – V.101(1–3). – P.134-139.

[8] **Pirisi A.**, Piredda G., Scintu M.F., Fois N. Effect of feeding diets on quality characteristics of milk and cheese produced from Sarda dairy ewes // – Options Mediterr. 46: – 2001. – R.115–119.

[9] **Never A.** Effects of nutrition on yield and milk composition in sheep and goats // Scientific Journal of Animal Science, – 2015. – V.4(1). – P. 1-10.

[10] **Caprioli G.**, Nzekoue F.K., Fiorini D., Scocco P., Trabalza-Marinucci M., Acuti G., Tardella F.M., Sagratini G., Catorci A. The effects of feeding supplementation on the nutritional quality of milk and cheese from sheep grazing on dry pasture // International Journal of Food Sciences and Nutrition. – 2019. <https://doi.org/10.1080/09637486.2019.1613347>

[11] **Baldzhi Yu.A.**, Ismagulova G.T., Korotkij V.P., Mustafina R.H., Abdrahmanov K.A., Ryzhov V.A., Polyakov V.V. Sposob primeneniya kompleksnoj kormovoj biodobavki / Patent RK na izobrenenie №35223 po zayavke №2020/0361.1 ot 30.05.2020. – Byull. №31 ot 06.08.2021.

[12] **Sultanaeva L.Z.**, Baldzhi YU.A. Effektivnost' ispol'zovaniya fitobioticheskikh dobavok v racione krupnogo i melkogo rogatogo skota (obzor) // – ZHivotnovodstvo i kormoproizvodstvo, – 2021.Т. 104, №2. ISSN 2658-3135. – Оренбург, 2021. S. 96-110. DOI: 10.33284/2658-3135-104-2-96.

[13] **Min B.R.**, Hart S.P., Sahlу T., Satter L.D. The effect of diets on milk production and composition, and on lactation curves in pastured dairy goats // J Dairy Sci. – 2005. – V. 88(7): – P. 2604–2615.

